

# Аспан астындағы оқу залы

Арқалық қаласындағы облыстық №2 ғылыми-әмбебап кітапханасының оқу залы қызметкерлері еліміздегі «Бір ел – бір кітап» акциясына белсене кәсіби шеберліктерімен үн қосуда. Жыл кітабы болып анықталған Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын тек кітапхана оқырмандарына ғана емес, осы қала халқы мен жаз айларында көптеп келіп жатқан қала қонақтарына құлаққағыс жасап, оқыту мақсатында арнайы аспан асты оқу залы жұмысын ұйымдастырды. Қала орталығындағы тамаша «Жастар» паркінде жылжымалы оқу залы бұл жолы «Жыл кітабы Сұлтанмахмұт шығармалары» атты айдармен әдеби-бульвар түрін жасақтады. Онда ақынның әр жылдары жарық көрген шығармалары, «Қамар сұлу» романы, «Адасқан өмір», «Кедей» поэмалары және көптеген өлеңдері көпшілік назарына ұсынылды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» атты мақаласының жариялануы және рухты қазақтың 2017 жылға Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын ел болып оқуға ұсынылуы бір керемет тарихи үндестік іспеттес. Қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып күн болам...» деп бүтіні күшті айтып, осындай күннің болатынын меңзеп кеткен қайсар ақын Сұлтанмахмұт шығармалары арқылы қазақ халқының кешегі тарихы мен тыныс тіршілігін көреміз, сезінеміз. Оқимыз да ұлттық санамыз, рухани болмысымыз, ұлттық ерекшелігіміз айқындала түскендей күй кешеміз.

2007 жылдан бастау алған осы «Бір ел – бір кітап» акциясының маңызы мен пайдасын айтып жеткізу мүмкін емес. Бұл шараның ұлтымыздың рухани байлығын құрметтеу, кітапты насихаттау, тек жай кітаптарды насихаттау емес нағыз қазақ әдебиетінің асылдарының, маржандарын су бетіне алып шығып насихаттау, оқыту, оқуға шақыру болып табылады. Еліміз 2017 жылғы жылы ел болып оқуға тағайындалған кітап ол – Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары екенін айтатын да, насихаттайтын да рухани байлық екені сөзсіз. Осы орайда Арқалық қаласындағы облыстық №2 ғылыми-әмбебап кітапханасының оқу залы бірқатар шаралар жоспарлап өткізіп келеді. Солардың бірі осы тақырыпта ұйымдастырылған әдеби-бульвар. Кітапханада соңғы кезде жаңашылдық бағытта жасалып жүрген кітап көрмелік жұмыстың тиімді түрі деуге болады. Аталмыш ашық аспан астындағы жылжымалы оқу залына газет-журналдардың соңғы жаңа нөмірлері, әр алуан пайдалы кеңестерді қамтыған журналдар материалдары да қойылды. Осындай аспан астындағы оқу залы арқылы ұйымдастырылған әдеби-бульварда әріптестер «Бір ел – бір кітап» акциясының маңызын айта отырып Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармаларын көпшілікке ұсына отырып, келушілерімен «Сұлтанмахмұт шығармаларын оқыдыңыз ба?» атты жедел-викторина ойнатылды. Осылайша қала жұртшылығы, демалушылар өз демалыс сәттерін кітаппен біріктіруге, бір сәт қолға кітап, газет, журнал ұстап табиғат аясында демалуға жол ашылды. Алдағы уақытта бұл рухани бетбұрыс шарасы қаламыздың басқа да демалыс орындарында жалғасын табады. Қай заманда болмасын кітап оқи сұраныстың алар ақылшың, жанашыр досың екенін ұмытпайық.

**Алма ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ,**
**№2 ОҒӘК бөлім меңгерушісі.**